Ж.С. САПАРХАНОВА

АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Ел болып егемендік алып, еңсемізді көтердік, туымызды желбіреттік, тұғыры мықты Ата заңымызды қабылдап, қазақ елін әлемге таныттық.

Егемендіктің қайнар бастауы ол – Ата Заңымыз. Бұл Ата заң күшіне енген уақыттан бастап қоғамымызда жаңа қатынастардың қалыптасуы мақсатында даму реформаларын үздіксіз жүргізіп келе жатқан Қазақстан Республикасы өзін демократиялық негізіндегі, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік жағынан дамыған ел ретінде танытты, ең басты құндылығы адам және адам өмірі, оның құқықтары мен бостандықтары туралы қағидаларын жүзеге асыруда.

Қазақстан Республикасының Конституциясы –кең байтақ еліміздің, езгіден еңсесі басылып, еркіндікті аңсаған халқымыздың қайырылған қанатын жазған, болашағын жарқыратып, арманын шын ұзартқан Алтын Заң.

Бүгінгі қоғамдық өзгерістер мен қайта құру талаптарымен шығарылып жатқан заңдардың құқықтық мемлекеттің ірге тасын қалаушы Ата Заңнан туындаған ізгіліктер мен өркениетке бастайтындығына көз жеткізе отырып, олардың барлығы Конституциямыздың 1-бөліміндегі 1-бабында айтылған «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы –адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары » деген аталы сөздерден бастау алып, қоғамымыздың әрбір мүшесінің құқықтарының заңмен қорғалатынына сенім туғызады.

Адам құқықтары мәселесі – бүкіл адамзатқа ортақ мәселе. Адам құқықтарына, негізгі бостандықтарына, демократияға және заңдық үстемдікке қатысты мәселелер халықаралық мәнге ие, өйткені бұл құқықтар мен еркіндіктерді қамтамасыз ету халықаралық құқықтық тәртіптің негізгі құрамдас бөлігінің бірі болып табылады. Мемлекеттердің (Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропа Қауіпсіздігінің ынтымақтастық Ұйымы) халықаралық институттар көлемінде қабылданған адам құқықтары төңірегіндегі міндеттемелері, жеке мемлекеттердің тек ішкі ісі болып қана қоймай, барлық қатысушы мемлекеттердің көздеген мүддесіне айналды. Бүкіл әлем халықтарының қауіпсіздігі мен ынтымақтастығын нығайта түсуге септігін тигізетін маңызды халықаралық келісімдерге жету осындай негізде ғана мүмкін болды. Мысалы ретінде қойылған Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық Кеңесінің Қорытынды Актісін айтуға болады. Бұл Қорытынды Актіні қабылдау Еуропалық құрлықтағы мемлекеттер арасындағы тығыз қатынастың дамуына ықпал жасайтын тарихи оқиға болды.

Жалпы адам құқықтары туралы сөз қозғағанда 1948 жылы 10 желтоқсанда қабылданған «Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясына» назар аудармауға мүмкін емес. Адам құқықтарын қорғау, оның қажетті талаптарын жасап, жүзеге асыру мәселелері халықаралық қатынастарда көптеген ұйымдар мен мемлекеттердің басты мақсаттарына айналып, олардың заңдарында, кейбір ұйымдардың бірқатар құжаттарында орын алып келеді. Алғаш рет бұл салада қабылданған басты құжат «Адам құқықтарының жалпы Декларациясы». Ал Еуропа аймақтары арасында адам құқықтарына байланысты құқықтық реттеу тек Екінші Дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін ғана қолға алына бастады. Осы орайда 1950 жылы Римде «Адам құқықтары бойынша Еуропа Конвенциясы» қабылданып, өз жұмысын жүзеге асыра бастады.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясының бірінші тармағында: адам баласының құндылығы: «бостандықтың, әділеттіліктің және жалпы бейбітшіліктің негізі болып табылады»-деп көрсетілген [1].

Адамның негізгі құқықтары мен бостандықтары олар дүниеге келгеннен тиесілі. Бір адамның азамат құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруда басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтары бұзылмауы керек. Барлық адамдар заң мен сот алдында тең.

Егер мазмұндық тұрғыдан қарастыратын болсақ, онда адам құқықтары мен бостандықтары азаматтық, саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени және экологиялық деп жіктеледі. Азаматтық құқық бұл адамға жаратылысынан берілетін құқықтар. Кез келген мемлекет бұл құқықтарды тәуелсіз және ашық сот, тұрғын үйге қол сұқпау, еркін жүріп-тұру, тұрғылықты мекенді өз қалауынша таңдап алуды заңмен бекіту арқылы қамтамасыз етеді.

Бүгінгі таңдағы адам құқықтарын қорғау мәселесі көбінесе батыстық жеке тұлға құқықтарының либералдық тұжырымына негізделіп жасалған. Бұл арада халықаралық қауымдастық өзінің жеке тарихы, құқықтық дәстүрлері, мәдени құндылықтары бар түрлі мемлекеттерден құралатындығын ескеруіміз қажет. Осындай тұжырымдарды негізге ала отырып, әрбір мемлекет өз аумағындағы адам құқықтарын қорғау мәселесін шешуі тиіс.

Жалпы адамның азаматтық құқықтары мен бостандықтарының даму эволюциясы американдықтар үшін сөз бостандығы, ар-ұждан бостандығы, жиналыстар бостандығы мен заң алдында тең қорғала алу құқығы болып табылады. Ал орыс либерализмінің шеңберінде адамның лайықты өмір сүре алу құқығы идеясы қалыптасқанын көреміз. Сонымен бірге, бостандық, еркіндік ұғымдары да әр халықта әр қалай мән мен мазмұнға ие. Мысалы, американдық конституциялық дәстүрде «мемлекеттен еркін, тәуелсіз болу» тұжырымы қалыптасқан болса, еуропалық дәстүрде «еркіндікке, бостандыққа мемлекет арқылы», мемлекет көмегімен қол жеткізу тұжырымы қалыптасқанын байқауымызға болады[2].

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігі жарияланғаннан бергі жылдары еліміз құқықтық мемлекет құру жолында үнемі алға ұмтылуда. Адам құқығы мәселесі бүгінгі күнгі өзекті болып тұрған мәселе.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында адам құқықтарын қорғау еліміздің заңнамасында нақты түрде бекітілген. Оны белгілеп отырған заңнама актілерінің негізін құрайтын құжат – әрине, Конституция.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабынан бастап адам құқықтарына деген мемлекеттің ерекше көзқарасы белгіленген. 1-ші баптың 1-ші тармағында мемлекеттің ең жоғары құндылығы болып адам, оның өмірі, құқықтары мен міндеттері табылады делінген. Белгілі Қазақстандық заңгер - ғалым Г.Сапарғалиев бұл жөнінде былай дейді: «Саяси ілімде демократияны өзіндік құндылық ретінде, мемлекеттік құрылыста бекітілетін жалпы адами құндылықтардың нақты көрініс ретінде қарастырады. Олардың қатарына адам, оның өмірі, құқықтары мен міндеттері жатады. Осылардың ең жоғары құндылық деп тану мемлекет үшін адам және адамның материалдық игілігінен артық нәрсе жоқ деген сөз, адам қалыпты өмір сүру үшін мемлекет барлық қолынан келетін жағдай жасау керек. Мемлекет адамның өмірін қолсұғушылықтан қорғауға міндетті... Конституцияда бекітілген және күнделікті заңнамада нақтыланған адамның құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асырылуына мемлекет ең алдымен көмектесуі керек деген сөз» [3].

Жалпы адам құқықтары мен бостандықтары дүние жүзілік қоғамдастық игерген, мойындаған және тиісті халықаралық-құқықтық актілерде бекітілген, әлеуметтік және заңдық жағынан қамтамасыз етілген, әрбір адамның құқығы ретінде мойындалған, ешкім де еркін шектеп немесе тыйым сала алмайды. Адам өзінің табиғи құқығы мен бостандығының қайнар көзі, сондықтан олардан шектелмеуі тиіс. Қазақстан Республикасы адам құқықтары мен бостандығын оның қай елдің азаматы екендігіне қарамастан мойындайды, кепілдік береді әрі қорғайды. Адам құқығы оның міндетімен байланысады, сондықтан олардың жүзеге асырылуы нақтылы жағдайларға қатысты адамға берілген құқық оның мүмкін болған мінез-құлық түрі мен табиғи құқығы мен бостандығының қайнар көзі, сондықтан олардан шектелмеуі тиіс[4].

Сол сияқты Конституцияда Қазақстанды әлеуметтік мемлекет деп тану идеясы да адам мен азамат құқықтарын қорғауға бағытталған норма. Бұл жөнінде әдебиетте былай деп көрсетіледі:

«Ең алдымен әлеуметтік мемлекет жекелеген топтарға немесе ұлыстарға емес, қоғам мен адамға тұтас қызмет етеді. Ол мемлекеттік көздер есебінен барлық азаматтарға мүмкіндігінше бірдей мөлшерде игіліктер көрсетіп қоғамдағы ауыртпалықтарды да теңдей бөлу жолымен әлеуметтік теңсіздікті жеңілдетуге құлшынады... Әлеуметтік мемлекет адам мен азаматтың күнкөріс минимумы мен өмір сүрудің лайықты жағдайларын қамтамасыз етуді талап ету құқығын мойындайды. Бұған денсаулық пен экологиялық қауіпсіздік мәселесі де кіреді»[5].

Конституцияның 4-ші бабының 2-ші тармағы бойынша бұл акт ең жоғарғы заңи күшке ие және Республиканың барлық аумағында тікелей қолданылады. Бұл дегеніміз Ата заңда бекітілген адам мен азамат құқықтары мен бостандықтарының да ең жоғары заңи күшімен тікелей қолданыста болуын көрсетеді.

Г. Сапарғалиев Конституцияға сүйене отырып азаматтар өздерінің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды үйренуі тиіс дейді. Соттар адамның Конституциялық құқықтары мен бостандықтарын шектейтін заң-

дар мен нормативтік актілерді қолдануға құқы жоқ.

Осы ғалымның сөзі бойынша «Адам құқықтары саласында Қазақстан Республикасының Конституциясы халықаралық құқықтың жалпы танылған нормаларына сүйенеді»[6] .

Біздің елімізде тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап-ақ азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына жете маңыз беріліп келеді. Соның айқын бір көрінісі Конституциямыздың 1-бабында адам құқықтарын сақтау нормасы бекітіліп, 30-бап түгелдей азаматтардың құқықтарына, бостандықтарына, мүдделеріне арналды. Бұл демократиялық ашық қоғамда өмірдегі барлық құндылықтардың ішінде адам құқықтары мен бостандықтары ғана ең маңызды болып саналатындығын білдіреді. Демек, адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау тетіктерін іске асыруға, олардың орындалуына кепілдік беруді күшейтуге Елбасымыздың сара саясатының арқасында ерекше назар аударылды. Ал бұл мәселелердің шын мәнінде қалай жүзеге асып жатқандығын Президент жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия жұмысынан байқауға болады. Ол еліміздегі адам құқықтары жөніндегі алғашқы мамандандырылған ұлттық мекеме болып табылады.

Адам құқықтары жөніндегі комиссия адам құқықтарын қорғаудың мемлекеттік тетігін жетілдіруге бағытталған бірқатар маңызды шешімдердің қабылдануына өз үлесін қосты.

Конституцияда азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтары шынайы кепілдендірілген және нақты тұжырымдалған. Адам құндылығы және оның құқықтары мен бостандықтары туралы Негізгі Заң ережесіндегі бекітілім әрбір азаматты қорғауды көздейді.

Адам өз құқықтары мен бостандықтарын, оларды қалай қорғап қалуды білуі керек.

Қазіргі замандағы адам құқықтары – жалпы адамзаттық мәдениеттің қуатты бөлігі. Ал дипломатия мемлекетаралық қатынастарды қалыптастыруда ғана емес, адам құқықтары саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту мен нығайтуда да шешуші рөл атқарады. Сондықтан бүгінгі қолданылып жүрген адам құқықтарын қорғаудың халықаралық әмбебап және өңірлік тетіктері нақ осы дипломатиялық өнердің арқасында сәтті әзірленген.

Қазақстан тәуелсіз мемлекет, әлем қауымдастығының тең дәрежелі мүшесі бола отырып, адам құқықтары саласындағы жұмыс пен қоғамды демократияландырудың маңыздылығын белсенді көрсетіп, құқықтық негіздемені қалыптастырып, оны қамтамасыз ету тетіктерін жасауға ерекше күш салып келеді. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Республикасы ұлттық заңнамада адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарды бекітудің маңызды қадамдарын жасады.

Адам құқықтарын қорғау саласындағы қол жеткен прогрестерге қарамастан Қазақстан Республикасының құқық қорғау тетіктері елеулі түзетулерді талап етеді.

Адам құқықтары әлі де болса мемлекет саясаты мен мемлекеттік органдар қызметінде абсолютті басымдыққа айналған жоқ. Әлі күнге дейін елде барлық билік тармақтарының адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы іс-қимылдарын түсіну мен үйлестірудің қажетті деңгейі жоқ. Азаматтық қоғам институттарының құқық қорғау әлеуеттерін толығырақ пайдалану, құқықтық ағартудың рөліне, өз құқықтарын қорғай алатын және құқықтық қатынастың басқа қатысушыларынан, ең алдымен мемлекеттік органдардан және олардың лауазымды тұлғаларынан өзінің құқықтары мен міндеттеріне барабар қарауды талап ете алатын әлеуметтік-белсенді тұлғаны қалыптастыруға мүқият көңіл бөлу қажет.

Еліміздің ұлттық заңнамасын жетілдіру барысында азаматтық қоғам институты өкілдерінің адамның құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын заң жобалары мен басқа да нормативтік құқықтық актілерді талқылауға толыққанды қатысуы үшін барлық жағдайды жасау қажет.

Адамды және оның құқықтары мен бостандықтарын ең жоғарғы құндылықтардың бірі ретінде тану құқықтық мемлекеттігінің бөлінбес принципі болып, оны күнделікті өмірде іске асыру қазақстандық мемлекеттінің дамуының өлшемін, мемлекет пен тұлғаның өзара қатынасындағы басымдық бағыттарын анықтайды.

Мемлекет алдында адамның басымдығы азаматтық қоғамның қалыптасуында адамның орнын анықтауға жол береді. Мемлекет құрылып жатқан азаматтық қоғамның қарым-қатынасына әрекет жасаудан тартынып, сонымен қатар оған қатысты заңсыз ықпал жасаудан қорғауға тиіс.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, азаматтық қоғамда адамның құқықтарын, бостандықтарын тану және сақтау, тұлғаның өзін-өзі іске асыруына және өзін-өзі анықтауына жағдай жасалуына, дербестігіне және тәуелсіздігіне мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің және бас-

қалардың заңсыз ықпал жасауынан қорғау жаңалық емес. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабының 2-тармағында: «Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады» деп көрсетілген. Мемлекетпен адам құқықтарын қорғауы,сақтауы, мойындауы, оның адам құқықтарының және бостандықтарының үстемділігін мойындап, құқық принциптеріне сәйкестігін анықтайды.

Адам құқықтарына және бостандықтарына ең жоғарғы құндылық есебінде бет бұру, мемлекеттік органдардың құқық қолдану қызметінде де маңызды. Осы органдардың, қоғамдық бірлестіктердің адамның құқықтарына және бостандықтарына қысым жасайтын құқық қолдану актілері, іс-әрекеттері заңсыз болып, соттық немесе әкімшілік шағымдануға жатады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабының 2-тармағында: «Адамның және азаматтың Конституцияда баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтірген деп танылған заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің күші жойылады және қолдануға жатпайды» деп белгіленген.

Бұның бәрі, Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының тиімділігі, адамға қызмет ету, оның құқықтары мен бостандықтарын қорғауды ұғыну мемлекеттің, сондай-ақ қоғамның дайындылығына және қабілетіне байланыстығын қорытындылайды.

Адам құндылықтары мен бостандықтарын асқақтату, оларды ең жоғарғы құндылық деп мойындау демократияны дамытудың үлгісі болып табылады. Сондықтан жеке адамның құқықтық мәртебесі демократияның институттарымен тікелей байланысты.

Демек, сөзімді қорытындылай келе, адам құқықтарының мәнісін мынандай формуламен анықтаған болар едім: «Адам құқықтары – жоғары құндылық, оны құрметтеу, сақтау және қорғау – мемлекеттің міндеті».

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚАЙНАР КӨЗДЕР ТІЗІМІ

1. «Адам құқықтары туралы халықаралық билль». Алматы, 1998. 22-40 б.

2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, 1995ж.

3. Конституция Республики Казахстан: под. ред. Г.Сапаргалиева. – Алматы: Жеті Жарғы, 1998, 13-14 бб.

4. Қазақстан Республикасы Конституциясының түсіндірме сөздігі. Алматы: Жеті Жарғы, 1996, 77 бет.

5. Қазақстан Республика Конституциясының түсіндірме сөздігі. Алматы: Жеті Жарғы, 1996. 30-31-бб.

6. *Сапаргалиев Г.* «О соотношении норм Конституции и международно-правовых норм; *Сапаргалиев Г.* Становление Конституционного строя Республики Казахстан», 1990-1996: сб. статей – Алматы: Жеті Жарғы, 1997. 21-б.

Резюме

Рассматриваются проблемы обеспечения прав и свобод человека и гражданина, а также актуальные аспекты государственной защиты прав и свобод граждан в Республике Казахстан.

Summary

The article is devoted to the problems of ensuring the rights and freedoms of man and citizen as well as to several topical issues of governmental protection of human rights and freedoms.